

ние физического развития и формирование физических качеств: выносливости, силы, быстроты и ловкости. Все эти качества ребята проявляют на военно-спортивных эстафетах, проводимых совместно с преподавателями физической культуры. Эти соревнования формируют у учащихся здоровый дух, чувство коллективизма [10].

Список использованной литературы

1. «Современные технологии гражданско-патриотического воспитания» Источник: <https://bank.nauchniestati.ru/primery/magisterskaya-dissertatsiya-na-temu-sovremennye-tehnologii-grazhdansko-patrioticheskogo-vospitaniya/>
2. Назарбаев Н. А. Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее / Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 г. // <http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses>
3. Военно-патриотическое воспитание молодежи // <https://mod.gov.kz/rus/presscentr/novosti/cid=0&rid=3262> (2016 г.)
4. Основы военно-патриотического воспитания. Учебное методическое пособие для преподавателей, магистрантов и студентов. – Караганда. КарГУ им.Е.А.Букетова Садыков К.И., Елемесов Т.Б., Саликов Ж.К. Караганда: ТОО – «САНАТ» Полиграфист», 2017-108с
5. Конституция Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2017. – 54 с.
6. Патриотический акт «Мәңгілік ел» // <http://www.kazpravda.kz/news/politika/patrioticheskii-akt->
7. Ферхо С. И. Патриотическое воспитание молодежи: состояние и перспективы» // Казахстанская правда. – 2011. – 25 января
8. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания // <http://www.akorda.kz/ru/events>
9. Военно-патриотическое воспитание // <http://mugalminder.kz/25-voenno-patrioticheskoe-vospitanie-naurokah-nvp-i-vo-vneurochnoe-vremya.html> (14 июнь 2015)
10. Патриотизм казахстанской молодежи https://studwood.ru/603010/sotsiologiya/patriotizm_kazahstanskoy_molodezhi

Шакенов С.Ж., дене шынықтыру мұғалімі
№ 18 ЖББМ Қарағанды қ.

Сабыров Е.М., дене шынықтыру оқытушысы
«Болашақ» жоғарғы колледжі. Қарағанды қ.

Махметов Ә.З., дене шынықтыру мұғалімі
№ 23 ЖББМ Қарағанды. қ.

Әсембай Е.А., дене шынықтыру мұғалімі
№ 15 ЖББМ Қарағанды. қ.

СТУДЕНТТЕРГЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАЗМҰНЫ

Аннотация: Мақалада жоғары оқу студенттеріне ұлттық спорт ойындарын пайдаланып, дене тәрбиесі сабағын өткізудің мазмұны туралы баяндалады. Сонымен қатар ұлттық ойындардың студенттерге беретін тәрбиенің негізгі салаларына тоқталып өтіп, соның ішінде ұлттық спорт ойындарына негізделген дене тәрбиесіне түрлі сипаттама берін, сонымен бірге, ұлттық ойындар болашақ мамандарды дене тәрбиесінің сан алуан нысандарына тартуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Студенттер, ұлттық ойындар, дене тәрбиесі, қозғалыс, тәрбие, үйрету.

Shakenov S. Zh., physical education teacher
secondary school №18

Sabyrov E. M., physical education teacher
«Bolashak» Higher college

Makhmetov A. Z., physical education teacher
secondary school №23

Asembay E. A., physical education teacher
secondary school №15, Karaganda

THE CONTENT OF THE USE OF NATIONAL SPORTS GAMES IN THE TRANSFER OF PHYSICAL EDUCATION TO STUDENTS

Annotation: The article tells about the content of conducting physical education classes for higher education students using national sports games. At the same time, the main areas of education provided by the National Games for students, including various characteristics of physical education based on the national sports games, as well as national games allow us to attract future specialists to various forms of physical education.

Keywords: Students, National Games, physical education, movement, education, teaching.

Студенттердің эстетикалық түсініктері, олардың дене тәрбиесіне әсемдік тұрғысынан қатынасы, өзіндік белсенді іс қимыл- әрекетімен байланысты екенін көрсетеді. Студенттердің дене тәрбиесіне талғампаздық қатынасын дамыту, олардың іс қимылдарының қозғаушы күші, дем берушісі ретінде пайдалану үшін студенттердің өзіндік белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру, көркемдік ләззат және құлықтық әсер алуды қамтамасыз ететін жетістіктің нәтижесінде жетуіне көмектесу қажет. Студенттерді бірлесіп орындалатын жаттығулар әсемдік жағынан қатты қызықтырады.

Еліміздің эстетикалық тәрбиеленген спортшылары үшін сұлу, мүсінді, сымбатты болу шын мәнінде бәрінен бұрын адамгершілік, өнегелілік қатынасты білдіреді. Сонымен, сұлулық пен әсемдіктің дене тәрбие жүйесінде әділ, шыншыл жоғарылауы көп қырлы болып көрінеді. Өмірде адамның іс-әрекетіне, рухани дүниесіне ықпал ететін білімдер сан алуан. Солардың ішінде ең парасатты, өміршең халықтың өз тәжірибесінде жинақтаған білімдер жүйесі.

Бұл жөнінде К.Д.Ушинский: "... халық қанша жыл өмір сүрсе, тәрбие де сонша өмір сүреді, онымен бірге өседі, өзінде халықтың бүкіл тарихын, оның бүкіл жақсы-жаман қасиеттерін бейнелеуде, олар бірін-бірі ауыстыра отырып, жаңа ұрпақтың өсуіне жағдай жасайды,"- деп жазды [1].

Қазақ халқының халық педагогикасының құрылымы: ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлер, ұлттық өнер, ұлттық тәлім. Қазақ халқының тарихи қалыптасқан ерекшеліктері: серілік, өнерпаздық, кенпейілдік, ақынжандылық, шешендік, имандылық, инабаттылық, меймандостық, үлкенді сыйлаушылық, қайырымдылық, дарындылық, сондай-ақ, шеберлік, колөнермен қатар, күй, ән, би, спорттық өнер, т.б. өнердің алуан түрлерін игеріп, оны дамытып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып беріліп келе жатқан халықтың өнерпаздығы ғасырлардан бері дүниежүзіне танылып келеді.

М.Т.Таникеев ұлттық тәрбиенің негізгі салаларына тоқталып өтіп, соның ішінде дене тәрбиесіне былай деп сипаттама береді: «Дене тәрбиесі – тәрбиеленушінің күш-қуатын, қайрат-жігерін, рухани серфектігін дамытып, денсаулығын, сымбаттылығын, қалыптастыру үшін жүргізілетін игі әрекет» [2].

Халық дене тәрбиесін нәресте іште жатқаннан бастайды. Іштегі баланың уақытында қимылдауы, ананың “шошып” қалмауы, “күрсақ көтерген” ананың дұрыс тамақтанып, көңілді өмір сүріп, іштегі нәрестенің жан-дүниесіне айналасы мен ананың жағымды әсер етуі, ананың “жерігінің” қануы, т.б. рәсімдер мен әрекеттер нәрестенің “ай-күніне”, толымды болып, тоғыз ай, тоғыз күнде дүниеге келуіне әсерін тигізеді.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің бір негізі – дене тәрбиесі, түрлі спорттық ойындар (көкпар, күрес, қыз қуу, ат жарыс, аударыспақ, найзаласу, арқан тартыс, ақ сүйек, тоғыз құмалақ, т.б.) арқылы іске асырылған. Оған жаңаша (ат ойнату, гимнастика, бокс, футбол, волейбол, теннис, т.б.) ұлттық-адами, спорттық ойындар мен дәстүрлер, үйірмелер қосылады.

Е. Уаңбаев дене тәрбиесі сабағында ойын әдісін қолданудың мынадай ерекшеліктері мен белгілеріне тоқталған:

1. Белгілі бір мақсатқа (жеңіске) жету үшін ойынның жоспары және тәртібі арқылы ойыншыларды ұйымдастыру.

2. Ойын әрекеттерінде белсенділік, жеңіске деген талас пен эмоциялық сезім;

3. Ойын барысында өз бетімен қимыл-әрекетке шешім қабылдау (ойынға қатысушы жүгірудің, секірудің, лақтырудың жолын өзі таңдайды).

4. Қимыл-әрекеттердің алуан түрлілігі, олардың ойын барысында, әр түрлі жаттығуларда кенеттен пайда болуы.

5. Ойын барысындағы ойынға қатысушылардың әр түрлі қарым-қатынастары. Ойын әдісінің көмегімен дене қуаты қасиеттерін (күш, төзімділік, шапшандық, ептілік) кешенді дамытуды, бұрын үйренген қимылдарды жетілдіру және өзіндік қасиеттерін тәрбиелеуді (батылдық, тапқырлық, ұйымдастырушылық, өз бетімен шешім қабылдаушылық) және бұдан басқа да көптеген мақсаттарды жүзеге асыруға болады [3].

Ұлттық ойын құралдарымен студенттерге дене мәдениетіне тәрбиелеуге арналған зерттеулер белгілі дәрежеде кәсіптік сабақтарының маңызды жағына сүйенеді, сонымен бірге, ұлттық ойындар болашақ мұғалімдерді дене тәрбиесінің сан алуан нысандарына тартуға мүмкіндік береді.

Пегованың еңбегінен ойындарды мынадай белгілері бойынша айқындауға және саралауға көмектесетін өзгеше бір анықтағышты табамыз: өндірістік және тұрмыстық дағдылармен байланысты ойындар; доп ойындары; соғыс ойындары; жаттығу ойындары.

Қазақ ұлттық ойындары сияқты дене мәдениетінің осындай халықтық құралдарын алғаш рет жүйелеу бағытын біз М. Гунердің еңбектерінен көреміз, ол өзі жинаған қазақтың ұлттық ойындарын ескере отырып, оларды мынадай белгілері бойынша саралауды ұсынады: жалпы сипаттағы ойындар; кедергі және күрес элементтері бар ойындар; ашық жерлердегі ойындар; қысқы уақыттағы ойындар; демалысқа арналған ойындар; ат спорт ойындары; аттракцион ойындары.

Қандай да болсын ұлттық қимыл ойындары мен жаттығулардың кез-келген тобын үйрету өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады:

1. Студенттің белсенді қозғалыс қызметі оқу материалын меңгерудің қажетті шарты. Болашақ денешынықтыру мұғалімдерінің қозғалыс қимылдарын және дене жаттығуларын үйренуі өзінде бар психологиялық және дене күшін жұмсауды талап ететін оқу-еңбек қызметі. Қимылды үйретуге қолданылатын қолайлы жағдайлар педагогтың үйрету әдісін жетілдіргенде көрінеді.

2. Студенттерге ұлттық ойындар қозғалыс дағдылары жүйесін қалыптастыру. Тек қана қимыл жүйесі олардың дене дайындығының сипатын анықтайды. Бірақ, ұлттық ойындардың дене жүктемесі, ойынды өткізудің жеке немесе командалық нысандары және басқалары сияқты ерекше көріністері түрлерінің көп болуы нәтижесінде, олар дене тәрбиесінің бағытына және оның нақты міндеттеріне байланысты іріктеліп алынуы керек.

3. Ұлттық ойындардағы қозғалыс қимылдарына үйрету дене мүмкіндіктерін қалыптастырумен өзара байланысты. Бұл процестердің өзара шарттылығы үш бағытта көрінеді.

Кейбір қозғалыс қимылдарына үйретуді дене мүмкіндіктерінің тиісті деңгейінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Мәселен, ұлттық ойын: «Арқан тартыс» - тартуға үйрету қолдың жеткілікті шынығу деңгейін талап етеді, сонымен қатар жаттығу жұмыстары мен оған үйрену қажеттігі туындайды. Бұлар бір-біріне байланысы бар төмендегі жағдай міндеттерді шешеді:

- күш, төзімділік, жылдамдық сияқты дене қасиеттерін шындай түседі;
- студент денесі шынығып, өзіндік мүмкіншіліктерін байытады;
- студент ұлттық ойындардың қозғалыс қимылдарына бейімделу, үйрену нәтижесінде шеберліктің, әдіс, айла, амалдарының жаңа түрлерін таба білуіне ықпал жасайды;
- ұлттық психологиялық қасиеттерін дамытып, тәрбиелеп, сол арқылы күшті, шапшаңдықты игереді.

- ұлттық ойындардағы қозғалыс қимылдары түрлерінен теориялық түсінен ала отырып, үйрену, ұлттық ойындарды дене тәрбиесінде қолдануды, оны өткізуді жеңілдетеді.

Зерттеу мәселесі бойынша ұсынылып отырған үлгі болашақ маманға қоғам сұранысына сай жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызы зор.

Жүргізілген зерттеулер жоғары оқу орнындағы педагогикалық процестің негізгі бөліктері – оқу пәндері, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары, дене шынықтыру-сауықтыру шаралары мен мерекелері, арнайы курстар және практикамен ұтымды ұштастыру арқылы даярлық деңгейін жоғарылатуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Измайлов А.Э. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. – М: Педагогика, 1991. - 256 с.
2. Таникеев М.Т. Теория и практика взаимовлияния национальных факторов в развитии физического воспитания и спорта в Казахстане. – Алматы, 1998. – 270.
3. Е. Уаңбаев. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: «Санат», 2000. - 72 б.